

Білім беру ұйымдары үшін оқулықтар, оқу-әдістемелік кешендер, электронды оқулықтар және қосымша оқу әдебиеттерін шығару жөніндегі қызметке қойылатын біліктілік талаптарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2003 жылғы 19 ақпан N 171

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған білім беру ұйымдары үшін оқулықтар, оқу-әдістемелік кешендер, электронды оқулықтар және қосымша оқу әдебиеттерін шығару жөніндегі қызметке қойылатын біліктілік талаптары бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 3 ж ы л ғ ы 1 9 а қ п а н д а ғ ы

N 1 7 1 қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Білім беру ұйымдары үшін оқулықтар, оқу-әдістемелік кешендер, электронды оқулықтар және қосымша оқу әдебиетін шығару жөніндегі қызметке қойылатын біліктілік талаптары

1. Білім беру ұйымдары үшін оқулықтар, оқу-әдістемелік кешендер және қосымша оқу әдебиетін шығару жөніндегі қызметке қойылатын біліктілік талаптары:

1) заңды тұлға үшін - редакциялық-баспа қызметін көрсету рыногында кемінде 2 жыл жұмыс тәжірибесінің болуын;

жеке тұлға үшін - редакциялық-баспа қызметін көрсетуге мамандандырылған ұйымның басшысы немесе редакторы лауазымында кемінде 2 жыл жұмыс тәжірибесінің болуын;

2) ұлттық стандарттарға сәйкес келетін полиграфиялық орындалған кітап өнімдерін шығаруға мамандандырылған полиграфиялық базаның болуын;

3) білікті кадрлардың:

білім беру ұйымдары үшін оқулықтар, оқу-әдістемелік кешендер, қосымша оқу әдебиетін дайындау бойынша кемінде 3 жыл жұмыс стажы бар редакторлардың;

пәндік білімдер саласындағы мамандардың (ғылым докторы немесе кандидаты немесе кемінде 3 жыл педагогикалық стажы бар жоғары санат мұғалімінің);

пәндерді оқыту әдісі саласындағы мамандардың (педагогикалық ғылымның

докторы немесе кандидаты немесе кемінде 3 жылдық педагогикалық стажы бар жоғары санат мұғалімінің) болуын қамтиды.

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 23.07.2013 № 735 қаулысымен.

2. Білім беру ұйымдары үшін электрондық оқулықтар шығару жөніндегі қызметке қойылатын біліктілік талаптары:

1) заңды тұлға үшін - электронды басылымдар жасау бойынша қызмет көрсету рыногында кемінде 2 жыл жұмыс тәжірибесінің болуын;

жеке тұлға үшін - электронды басылымдар жасау бойынша қызмет көрсетуге мамандандырылған ұйымның басшысы, программист немесе редакторы лауазымында кемінде 2 жыл жұмыс тәжірибесінің болуын;

2) ұлттық стандарттарға сәйкес келетін электрондық оқулықтардың шығарылуын қамтамасыз ететін компьютерлік және ұйымдастыру техникасының болуын;
3) білікті кадрлардың:

пәндерді оқыту әдісі саласындағы мамандардың (педагогикалық ғылым докторы немесе кандидаты немесе кемінде 3 жыл педагогикалық стажы бар жоғары санат мұғалімінің);

пәндік білімдер саласындағы мамандардың (ғылым докторы немесе кандидаты немесе кемінде 3 жыл педагогикалық стажы бар жоғары санат мұғалімінің);
жоғары білімді программистердің;

электронды оқулық дайындау бағытында кемінде 1 жыл жұмыс стажы бар редакторлардың болуын қамтиды.

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 23.07.2013 № 735 қаулысымен.